

Май ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күші жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 197/6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 02 шілдеде № 3860 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 93/5 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 16.05.2016 № 93/5 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-2) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1) тармақшасына сәйкес Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Май ауданындағы жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу.
2. Осы қаулының орындалауын бақылау Май ауданы әкімінің әлеуметтік сұрақтарына жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ысқақова